

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
№44 Ауысымдық (кешкі)жалпы білім беретін мектебі

Х А Т Т А М А № 2

Күні: 08.09.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Мектептің 2023-2024 оқу жылына дайынды Материалдық-техникалық базасымен танысу;

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

- 1.Жумагулов Нұрсұлтан Оразұлы-төраға
- 2.Утенов Каирбек Сабетович-төраға орынбасары
- 3.Еримова Қырмызы Бекетовна- мүшесі
- 4.Иова Наталия Михайловна-мүшесі
- 5.Атшибаева Жания Бакитжанова- хатшы
- 6.Камысбаев Тимур -мүшесі
- 7.Дүйсенбаев Серик Жуматович-мүшесі
- 8.Төлеубаев Қайрат Убайтұлы-мүшесі
- 9.Самғали Абат Әбубәкірұлы-мүшесі

Бірінші мәселе бойынша сөз алған Г.У.Гумарова Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшелігі туралы Әдістемелік нұсқау хатында қамқоршылық кеңес және оның қызметін ұйымдастыру нақты айтылған.

Мақсаты:

Білім беру ұйымына қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.

Қамқоршылар кеңесінің функциялары

Білім беру ұйымының білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету ;

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыстық жағдайлары мен жұмыспен қамтылуын жақсарту;

Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу;

Білім беру ұйымы басшылығының Қамқоршылық кеңесі алдындағы есебін тыңдап-қабылдау;

Білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар дайындау;

Қайырымдылық көмек тарту және білім беру ұйымының оны жұмсау мен мақсатты бөлу жөніндегі шешімдерін мақұлдау;

Білім беру ұйымы қызметіндегі Қамқоршылық кеңесінің айқындаған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

Білім беру ұйымы басшысының мекеме қызметі бойынша есебін (қайырымдылық көмектің жұмсалуды, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайлары жөнінде, т.с.с.) тыңдау

Білім беру ұйымының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне жасалған жағдаймен таныс болу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы-Н.Жумагулов

Қамқоршылық кеңесінің ережелерімен, тәртібімен танысып шықтық. Осы ереже мен қағидалар бойынша жұмысымызды жалғастыратын боламыз.